



# БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 3-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БАСТАУЫ

Берклидің идеализмі.  
Юм себептілік туралы



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 21. Берклидің идеализмі. Юм себептілік туралы

Ұлты ирландиялық болған философ Джордж Беркли 1685 жылы дүниеге келді. Дублин мен Лондонда білім алған соң Беркли бірнеше жыл өмірін Италия мен Францияда саяхаттап жүріп өткізді. Ал отанына оралған соң, ол Клойнда епископ лауазымына тағайындалды. Дінтанушылық, философиялық және ғылыми білімі өте терең болған Беркли бірнеше өте танымал болған еңбектердің авторы атанды. Олардың арасында 1709 жылы басылып шығып, көптеген физиологиялық жаңалықтарға бастау болған «Көру теориясы», сондай-ақ, 1710 жылы жарияланған «Адам танымының принциптері туралы трактат» бар. Оған қоса Берклидің туындыларының қатарында тек философиялық қана емес, жоғары әдеби мәнге ие бірнеше диалог бар.

Жалпы Берклидің философиясы Джон Локктың мықты ықпалының арқасында пайда болды, бірақ Беркли Локктың идеяларын өздігінше қорытындылағаны соншалық, нәтижесінде ол тіпті мүлде қайшы деуге келерлік тұжырымдар жасап шықты. Берклидің басты идеясы: танымның арқауы – сезіну, яғни идея дегеніміз – сезінулер немесе ақыл-ойдың сезінулерге ықпал етуінің нәтижелері. Сонымен қатар, бірінші реттік және екінші реттік сапалар арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Бұл сапалар немесе идеялар – біздің сыртқы себептері жоқ сезінулеріміз, әрі олар тек сыртқы әлемді танушы ақыл-ойда ғана орын алады. Заттар дегеніміз – ойдағы сезінулердің үйлесімдері. Демек, бізге тәжірибе беретін сезінулер ғана таныс болады. Бұдан шығатын қорытынды: бар болу немесе өмір сүру дегеніміз – қабылдауға, сезінуге қабілетті болу. Беркли Локктың субъективті-идеалистік сенсуализм негізінде құрылған философиясының күмәнді тұстарының шешімін тапқандай болды. Мысалы, Беркли Локкқа қарағанда, абстрактілі идеяларды, әсіресе, материалды субстанция идеяларын сынауда әлдеқайда біржақты пікірді ұстанды. Оның пікірінше, материя ұғымы өздігінен ештеңені білдірмейді, тіпті, зиянды да, себебі, ол Құдайға сенбеді ақтау үшін ойлап табылған. Беркли рухани субстанцияны жоққа шығармайды. Адамның рухы, ақыл-ойы, «Мені» – танымның алғышарты, себебі идеялар рухтан тыс болуы мүмкін емес. Беркли идеяларының айқындығы сезіну мен қабылдаудың өзара байланыстылығының себебі ретінде Құдайдың болмысына сілтеме жасап, негізделеді. Біздің сезінулеріміз Құдайдың беретін белгілері ретінде қабылдануы тиіс. Шындап келгенде, Берклидің субъективті идеализмі объективті идеализмге ұласып кетеді.

Лейбництің идеализмі – нақты дүние ақыр соңында ментал мәндерден, яғни материалдық емес қабылдаушылардан тұрады деп түсінетін идеализмнің антика дәуірінен бері алғашқы жүйелі баяндалуы. Идеализмнің тағы бір нұсқасын көзінің тірісінде епископ Беркли ұсынды. Екі жүйе бір-біріне ұқсас, бірақ маңызды айырмашылықтары бар: Лейбництің идеализмі – рационалдық идеализм; Берклидің идеализмі – эмпирикалық идеализм. Айырмашылықтар екі философтың бастапқы көзқарастарынан туындайды. Сондықтан екі жүйенің элементтерін салыстырмас бұрын біз Беркли ұстанған аргументтеу жолымен жүруіміз керек.

Берклидің танымал туындысы «Гилас пен Филонустың арасындағы үш сұхбат» деп аталады. Осы «Сұхбаттардың» екіншісінің басында бірінші және екінші сапалар тек қана менталдық деп келіскен Гилас енді материалдық субстанция концепциясын қорғауға ұмтылады. Материяның өмір сүретінін дәлелдейтін аргументтер тез терістелді. Материя қабылданбайды, себебі тек идеялар ғана қабылданады деп шешіліп қойған. Сондықтан сезімдер арқылы емес, ақыл-ой арқылы қабылданатын бірдеңе болуы тиіс. Оны идеялардың себебі деп айта аламыз ба? Алайда материя енжар және ойлай алмайды, сондықтан ойдың себебі бола алмайды. Мүмкін Гилас материяның қозғалыстары – Құдайдың ұлы істерінің құралы дейтін шығар? Бірақ материяның сезімдік сапалары болмаса, ол қозғалысқа немесе тіпті созылуға да ие бола алмайды; ал қарапайым еркі бойынша әрекет ете алатын Құдай жансыз құралдарға мұқтаж емес. Мальбранш сияқты, біз де «материя Құдайға әрекет ету мүмкіндігін береді» дейміз бе? Әрине, кемел жаратушы қолдауды қажет етпейді. Филонус бұл уәжді мысқылмен жеткізіп, «Материяның осындай әртүрлі мағыналарында сіздер пайымдау әдістері туралы да, құралдарды қолдану түрлері туралы да біле алмайтындарыңызды, тек қана болжам жасайтындарыңызды түсінбейсіздер ме?» дейді. Ол өзінің аргументін былай қорытындылайды:

«Материяның болмысын сіз не тікелей, не жанама қабылдайсыз. Тікелей болса, оны қандай сезімнің көмегімен қабылдағаныңызды айтуыңызды өтінемін. Егер де жанама болса, тікелей қабылдаған қандай нәрселерден қандай жанама пайымдаулар арқылы шығарғаныңызды маған жеткізіңіз. Қабылдау тым көп. Олай болса, менің сұрағым мынадай: материя – объект,



субстрат, себеп, құрал немесе құбылыс па? Сіз ұғымдарды өзгерте отырып, материяны кейде бір формада, содан соң басқа формада көрінуге мәжбүрлейсіз. Сондықтан, сіздің ұсынған түсінігіңіз өздігінен терістеліп отырады».

Егер Гилас материяның бар болуын қолдауды жалғастырып отырған болса, бұл «материя» ұғымы немесе «бар болу» ұғымы нені меңзейтінін білмейді деген сөз.

Кеннидің ойынша, субстанцияның Локк ұсынған және Гиласты мазалаған ұғымын Беркли табысты түрде күйретті дегенмен келісуіміз керек. Алайда Филонус Гиласпен емес, Аристотельмен пікір таластыруы тиіс еді деп ойлайықшы. Ол қандай жауап алар еді? Бәлкім ол, материалдық субстанциялар, шынында да, сезім мүшелері арқылы қабылданады дер ме еді? Мысықты алып қараңыз: мен оны көремін, естимін, сеземін, иіскеймін және мен жасағанды сіз де жасай аласыз. Оның қандай субстанция екенін сезімдердің көмегімен емес, интеллект арқылы білемін, оның мысық екенін жануарларды жіктеуді үйренгенімнің арқасында білемін, алайда бұл – мен пайымдаудың көмегімен оның мысық екені туралы қорытынды жасаймын деген сөз емес. Материалдық субстанция туралы көп айттық; ал материяның өзі туралы ше? Мен оны да сезімдерім арқылы қабылдаймын, ал біз кездестіріп отырған субстанциялар материяның бөліктері, біз сөз етіп отырған осы жағдайды алатын болсақ, ол – мысықтықтың формалары. Алғашқы, қандай да бір формаға ие емес материя шынында да ешқандай сезім арқылы қабылданбайды; бірақ оның себебі – мұндай нәрсенің нақты дүниеде жоқтығы; Алғашқы материя – субстанционалдық өзгерістерді сараптау мақсатымен қалыптастырылған философиялық абстракция.

Әрине, Аристотельдің субстанция мен материяға берген анықтамасын XVII ғасыр ғалымдары қозғалыс пен өзгерістерді сараптау мен түсіндіру саласындағы жетістіктеріне үйлестіруі немесе бейімдеуі өзінен-өзі бола қоятын нәрсе деп есептеуге болмайды. Кенни бұл тұста субстанцияның дәстүрлі түсінігі Локк тұжырымдаған көзқарастан мүлдем басқа, жүйесіз ұғымын Берклидің жоққа шығаруынан арылмағандығын айтады.

Шынына келгенде, материяның сыны Берклидің идеализмін құрастыруға маңызды әсерін тигізе алмайды; ол оны қабылдаудағы кедергіні жоюмен ғана шектеледі. Материя біздің идеямызға негіз болу үшін ойлап шығарылған. Берклидің жүйесінде бұл рөл материяға емес, Құдайға тиесілі. Осы қорытындыны қолдайтын бірінші алғышарт – адамдардың идеялардан басқа ештеңені білмейтіндігі; бұл алғышарт материалдық субстанцияға сыни тиісуден әлдеқашан бұрын баяндалды. Принциптердің бірінші кітабы былай басталады:

Адам білімінің объектілерін зерттейтін кез келген ізденуші үшін олардың не сезімдерде таңбасын қалдырған идеялар, не ақылдың құштарлықтары мен әрекеттері арқылы қабылданатын идеялар немесе ес пен елестетудің көмегі арқылы қалыптастырылған идеялар екенін айқын көреді.

Бұл, әрине, мүлдем айқын емес. Адамның бүкіл білімдерінің объектілері – идеялар екендігі туралы қорытынды әлі жасалған жоқ. Анықтаманың кең сипатынан шығатын тұжырым – кез келген танымдық әрекет немесе жағдай менің идеяларымды қамтиды; бірақ бұл әрбір танымдық әрекет немесе жағдай осы идеяларға қатысты немесе осы идеялар – олардың объектілері дегенді білдірмейді. Осы терминологияны ескерсек, егер де мен жирафты көрсем, менің жираф туралы түсінігім болады; бірақ менің көріп тұрғаным жираф емес, идея болып шығады. Егер де бақтың түбіндегі сағызқарағай ағашын көрсем, осы ағаш туралы кезекті бір түсінікке ие боламын; бірақ мен ойлап тұрған нәрсе ағаш емес, идея. Әрине, мен осы идея туралы да ойлай аламын; мысалы, ол айтарлықтай бұлыңғыр деп ойлауым мүмкін. Бірақ ол мүлдем басқа идея, ағаш туралы ой емес, идея туралы ой.

Принциптерден келтірілген үзіндінің жаңалығында ұзақ аргументтің соңы болып саналатын идеализм орын алған. Идеализм ой әрекеттері мен олардың объектілерінің арасындағы бастапқы жаңылысулардан байқалады. Осы сынды түзетуге болатынын Беркли білмеді деп айтуға болмайды. Бірінші Сұхбаттың соңында объект пен сезінудің арасын айырып көрсетпек болып, ол былай дейді:

Менің сезімдік қабылдауым – ақылдың қабылдау әрекеті және де қабылданушы бірдеңе бар, мен оны объект деп атаймын. Мысалы, қызыл және сары қызғалдақ бар. Олай болса, осы түстерді қабылдау қасиеті қызғалдақта емес, тек менде ғана.



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 21. Берклидің идеализмі. Юм себептілік туралы

Осы кереғарлыққа қарамастан, өзінің айырмашылығын қорғау үшін оған қарсы пікірталас жүргізудің Гиласқа қажеті жоқ. Ол жасау тиіс нәрсе тек мынау ғана: «ойдағы құбылыс» сөз тіркесін «ойдың әрекеті» сөз тіркесіне алмастыру. Алайда Филонус «қабылдау» қосмағыналы сөзін белгісіздеу, қосмағыналы «идея» сөзіне ауыстырып және қабылдау объектісі қабылдаудың бөлігі болып саналады дегенді өзінен-өзі түсінікті тұжырым ретінде қабылдай отырып, өзінің қорытындысын жасайды.

Егер де идеялардан басқа біз біле алатын ештеңе жоқ болса және идеялар тек ақылда ғана өмір сүретін болса, онда Беркли біз өмір сүру туралы біле алатынның бәрі Құдайдың ақылында ғана деген қорытындыға келмеуі тиіс:

«Мен сезімдік заттардың ақылдан тыс өмір сүретіндігін терістегенде, өзімнің жеке ақыл-тым туралы емес, бүкіл ақылдар туралы айтып тұрмын. Олардың менің ақылымнан тыс өмір сүретіндігі маған енді айқын; себебі, оған тәжірибе жүзінде көзім жетті. Сондықтан олар өмір сүретін басқа ақыл бар, сезімдік заттар онда мен оларды қабылдаған уақыттар арасында: мен өмірге келгенге дейін де, мен өмірден кеткеннен кейін де бар болады. Осы пікір жаратылушы басқа да рухтарға қатысты алғанда да дұрыс болғандықтан, бұдан мынадай тұжырым міндетті түрде шығады: барлық жерде бола алатын, мәңгілік, бәрін білетін және игеретін ақыл-ой бар».

Қорытынды сұхбатта Беркли Филонустың алдына шектелген немесе шексіз ақылдағы идеялардан басқа ештеңе өмір сүрмейді деген тезис – дүние туралы қисынды пікірімізге өте үйлесімді екенін көрсету міндетін қояды. Бұл қапайым тілді батыл қайта түсіндіруді қажет етеді. Материалдық субстанциялар туралы тұжырымдар идеялар жиынтығы туралы тұжырымдарға аударылуы тиіс: мысалы, шие дегеніміз – әртүрлі сезім мүшелеріміз арқылы қабылданатын саналы әсерлердің немесе идеялардың жиынтығы. Мұны жасау, деп тұжырымдайды Филонус, оларды Локктың енжар субстраттары жайында тұжырымдаулар деп түсіндіруден әлдеқайда оңай. «Нақты заттар – мен өзімнің сезімдерім арқылы көріп, сезіп және қабылдайтын заттар... Мысалы, нанның сезілетін бір тілімі менің асқазаным үшін сіз айтып отырғандай, сезілмейтін, түсініксіз нағыз, он есе көп наннан жақсырақ болар еді». Тек оның феноменалдық жүйесі ғана, деп есептейді Беркли, қардың ақ, оттың ыстық екенін шын айтуға мүмкіндік береді.

Материалдық субстанция – ақылдың әртүрлі сезімдер туралы түсініктерінің жиынтығы, олар бір-бірімен үнемі байланысты болғандықтан, ақыл оларды біртұтас деп қарастырады. Берклидің пікірінше, бұл тезис ғылыми құралдарды қолдану және табиғат заңдарын қалыптастырумен өте жақсы үйлесімді. Мұндай заңдар заттардың арасында емес, құбылыстардың, яғни идеялардың арасында қатынастар орнатады және ғылыми құралдардың жасайтыны – біздің бұрынғы қатынастырымызға жаңа құбылыстар енгізу. Егер біз сыртқы түр мен нақтылықтың арасындағы айырмашылықты көрсеткен болсақ, онда шындығында жасайтынымыз – айқындау идеяларды тұмшалау идеяларға қарсы қойып, біздің идеяларымызбен қатар жүріп отыратын, өз еркімен жүзеге асырылатын бақылаудың әртүрлі деңгейлерін салыстыру. Жасырын нақты дүние жоқ: бәрі – сыртқы түр. Бұл XIX ғасырға дейін ғылыми айналыста болмаған сөзді қолданып айтсақ, «феноменализм» доктринасы.

Лейбниц те, Беркли де материалдық дүние – нақты дүниенің емес, сыртқы түрдің мәселесі деген тұжырыммен келісетіндігі тұрғысынан алғанда – феноменалистер. Бірақ олар құбылыстардың табиғаты мен олардың алғашқы себептерін әртүрлі түсіндіреді. Эмпирик Беркли идеяларды шексіз бөліне береді деп есептемейді, себебі ақылдың сезімдер айырмашылықтарын ұғыну қабілеті шектелген. Басқа жағынан алғанда, рационалист Лейбниц мұндай атомизмді теріске шығарады: феноменалды дүние геометрия мен арифметикада бар қасиеттерге ие. Құбылыстар табиғатындағы осы айырмашылықтардан тұрақты себептердің айырмашылықтары пайда болады. Негізгі нақты дүние – Лейбництің пікірінше, жанды монадалардың шексіздігі; ал Берклидің тұжырымдауынша, бәрін білетін тек Құдай.

Олай болса, Юмның себептілік туралы көзқарасын шолып өтсек. Егер осы философиялық жүйенің бір де бірі ақыр соңында сенімге лайықсыз болып шықса, бұл олардың негізін салушылардың білім деңгейі жеткіліксіздігінен емес. Одан да, әрбір жүйенің кемшілігінің тамыры бір десек, дұрысырақ болады: ол – рационалист Декарт мен эмпирик Локктың мұра етіп қалдырған идеялар эпистемологиясының шатысуға себеп болатын түсініксіздігі. Осындай эпистемологияның салдарлары идеяларынан толық көрінетін философ – Дэвид Юм. Оның





«бәрі – идеялар мен әсерлердің жиынтығы ғана» деген ресми жүйесі – тек абсурд қана. Десек те, жүйесіндегі бұрмалаулар мен шектеулерге қарамастан, Юмнің данышпандығы – философияға маңызды үлес қоса білгендігінде. Бұл ерекшелік оның себеп-салдарлық байланысты түсіндіруінде өте айқын байқалады.

Юмге дейінгі философтар себептер туралы мына пікірлерді ұстанған болатын:

1. Әрбір кездейсоқ болмыстың өз себебі бар.
2. Себеп пен салдар бір-біріне ұқсас болуы тиіс.
3. Себептен салдар міндетті түрде туындауы тиіс.

Алғашқы екі пікір Аристотельшіл философтар мен олардың қарсыластарына ортақ. Аристотель философиясындағы себеп-салдар парадигмасының мысалдары – тірі болмыстың түрлері мен төрт элементтің әрекет етуі болды. Әрбір жануардың ата-анасы бар, ал ата-аналар мен олардың ұрпақтары бір-біріне ұқсас: иттен ит, мысықтан мысық пайда болады, яғни белгілі бір түр өзіне ұқсас түрді дүниеге әкеледі. От жанады, су сөндіреді, яғни себеп ретінде ыстық зат басқа заттарды ыстық етеді, ал дымқыл зат басқа заттарды дымқыл етеді. Қазіргі заманғы философияның алғашқы кезеңінің философтары себептік қатынастардың бұдан да өткір мысалдарын ұсынды, бірақ олар бірінші және екінші ұстанымдардан айныған жоқ.

Үшінші пікір қарапайым емес еді. Спиноза «белгілі бір себептерді ескере отырып, салдарлар қажеттіліктен туындайды» деп мәлімдесе, Гоббс жағдайдың барлық себептік элементтері қатысып отырғанда «бұл түсініксіз болады, алайда салдар туындайды» деп тұжырымдады. Бірақ Аристотель Спиноза мен Гоббс секілді детерменист болмады; ол табиғи себептер мен рационал себептердің арасын жіктеді. От сияқты табиғи себеп «бір нәрсе туындатады»; рационал себептің, мысалы, адам болмысының, екіжақты күші бар: оның ниет-қалауына сәйкес жүзеге асырылуы немесе асырылмауы. Тіпті осы жағдайда да Аристотель себеп және қажеттілік ұғымдарын байланыстыруға дайын болды: оны жүзеге асыруға ниеттенсе, рационалдық қабілетке ие тіршілік иесі оны қажеттілік бойынша жасай алады.

Юм жоғарыда баяндалған үш тезисті де жоққа шығаруға тырысады. Ол мұны себеп-салдарлық байланыстың әдеттегі мысалдарын өзгерте отырып жүзеге асырады. Юм үшін қалыпты себеп – зат емес (мысалы, ит немесе пеш емес), құбылыс (мысалы, бильярд шарының үстелден асып кетуі сияқты). Парадигманы өзгерту себеп пен салдар туралы «объектілер» ретінде баяндаудың астарында жасырылған. Нақтылап айтсақ, Юмнің дүниесінде болуы мүмкін жалғыз оқиға – идеялар мен әсерлердің пайда болуы; бірақ бір жақсысы, пікірталаста бұл ереже үнемі сақтала бермейді. Үнемі қатаң сақталатын ереже мынадай: себеп пен салдар бір-бірінен тәуелсіз анықталатын екі құбылыс болуы тиіс.

Себептіліктің дәстүрлі анықтамасын сынап отырып, Юм өмір сүруді бастаған нәрселердің бәрінің себебі болуы тиіс деген пікірді әуелі теріске шығарады:

Әртүрлі идеялардың бәрі бір-бірінен бөлек және себеп пен салдар идеялары, көзіміз жеткендей, әртүрлі болғандықтан, себеп-салдар принципін қоспай-ақ, кез келген объектіні осы сәтте өмір сүрмейді немесе бар болмайды және келесі сәтте өмір сүреді, бар болады деп елестету жеңіл болады.

Идеялар жіктерге бөліне алатындықтан, объектілер де бөлінуге қабілетті; сондықтан өмір сүрудің нақты бастауының себепсіз де болатындығында тұрған қайшылық жоқ. Әрине, «салдар» мен «себеп» «еркек» және «әйел» сияқты сәйкес терминдер. Әрбір еркектің әйелі болуы тиістігі сияқты, әрбір салдардың себебі болуы тиіс. Бірақ бұл – әрбір еркек үйленген болуы керек деген секілді, әрбір құбылыстың себебі бар болуы тиіс деген сөз емес.

Қандай да бір себепсіз пайда болатын нәрсе туралы ойлау қисынсыз емес болса, белгілі бір түрдің себепсіз пайда болуында тұрған қисынсыз ештеңе жоқ. «Бәрі», – дейді Юм, – кез келген нәрсені туындата алады. Бір нәрсе өзіне ұқсасты дүниеге әкелуі тиіс деп ойлауға логикалық себеп жоқ. «Объектілер бір-біріне қайшы келмейтін болса, себеп пен салдар байланысы оған толығымен тәуелді тұрақты бірігуге олардың ие болуына ештеңе кедергі келтіре алмайды». Көптеген әртүрлі салдарлар белгілі бір себептерден логикалық түрде шығады деп пайымдалатындықтан, тәжірибе ғана нақты нәрсені күтуге мәжбүрлейді. Бірақ бұған негіз болатын не?



Юм себеп пен салдар туралы пікір қалыптастыруға арналған үш ереже ұсынады:

1. Себеп пен салдар кеңістік пен уақытта үзіліссіз болуы тиіс.
2. Себеп салдарға дейін болуы тиіс.
3. Себеп пен салдардың арасында тұрақты байланыс болуы тиіс.

Үшінші ереже – ең маңыздысы: «екі қатынас бірнеше құбылыстарда сақталмайтындығын түсінбесек, үзіліссіздік пен кезектілік кез келген екі объектіні себеп пен салдар деуіміз үшін жеткіліксіз». Алайда бұл бізді әрі қарай қайда апарайды? Егер себеп-салдарлық байланыс бір құбылыстан көрінбесе, оны қайталанатын құбылыстардан қалай көруге болады?

Юмнің жауабы мынадай: тұрақты байланысты бақылау ақыл-ойда жаңа әсерлер туындайды. В-ның А-дан кейін пайда болуы жағдайларының саны жеткілікті екенін байқағанымызда, А-ны кездестіргенде В-ға батыл көшуге болатынын сеземіз. Бұл – дәстүрлі аксиомалардың үшіншісінде бейнеленген. Қажеттілік – «ақылдың ішкі әсері немесе ойларымызды бір объектіден екіншісіне батыл көшіру». Осы анықтама тезис тағы да тексеріледі де, алдыңғы әсерсіз идея жоқ деп тұжырымдауға мүмкіндік берді. Себеп байқалғанда салдарды күту немесе әдеттегі байланыс туындатқан әсер – қажетті байланыс идеясы туындайтын әсер болып саналады.

Юм себеп-салдарлық байланыстың екі анықтамасын ұсынып, пікірталасын қорытындылайды. Біріншіден, «объектіге ұқсас және басқаға жақын» нәрсе себеп болып саналады, алғашқы нәрсеге ұқсас объектілердің бәрі соңғыларын еске салатындармен бірдей басымдық пен жақындыққа ие болады. Бұл анықтамада қажеттілік байланысы туралы ештеңе айтылмайды және ақылдың қызметіне ешқандай сілтеме жоқ. Сондықтан философиялық сараптауды айқындай түсетін екінші анықтама ұсынылған. «Объектіге ұқсас және басқаға жақын» нәрсе себеп болып есептеледі, сондықтан олар елестетуде онымен бірігіп кетеді; идея басқаның идеясын қалыптастырады және одан туындаған әсер басқаның одан да өміршең идеясын қалыптастырады.

Ғылымның мақсаты – сезінетін нәрселерді ақиқаттың жалғыз көзі ретінде сипаттау деп санаған Берклидің ізін баса отырып, Юм адам табиғатын таным табиғатын талдаумен байланысты іске асырады. Юм сезімдік тәжірибенің сезінулерін олардың негізінде туындайтын идеяларға қатысты алғышарт ретінде атап көрсетеді, яғни идеялар тікелей тәжірибеден туындамайды, бірақ олар қандай да бір рационалды қажеттілікке де негізделмеген. Идеялардың үйлесімі тек психологиялық ассоциацияға ғана сүйенеді. Сәйкесінше, Юм барлық жалпылай абстрактілі ұғымдарға күмәнмен қарайды, соның ішінде материалды да, рухани да субстанциялардың идеяларына да. Юм үшін ақыл-парасатқа ие «Мен» дегеніміз – сезінулер мен идеялардың жиынтығы ғана. Танымдағы басты рөлге ие қатынастардың арасындағы ең маңыздысы себептілік қатынастары. Юмның пікірінше, себеп пен салдардың байланысы қажеттіліктен туындамайды, оған арқа сүйей отырып, тұжырым жасауға болмайды. Себебі себептен салдарға қарай тұжырым жасау – «әдетке» байланысты іске асады.

Юм танымның рационалды негізін жоққа шығарады, яғни таным теориясына келгенде Юм – агностик. Бұл адамды ұғынуда иррационализмге жетелейді: адамгершіліктің де сенімді рационалды негіздемесі жоқ. Адамды сезімдер билейді, ал қорқыныш сезімі – діннің пайда болуына себеп болады. Юмның идеялары батысеуропалық философияның кейінгі дамуына көп ықпал етті.